

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -	
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 1 беттен 36	

## СИЛЛАБУС

### «Отбасылық медицина» кафедрасы «Амбулаторлық - емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы «Жалпы медицина» - 6В10101 Білім беру бағдарламасының

<b>1.</b>	<b>Пән туралы жалпы мағлұмат</b>		
1.1	<b>Пән коды:</b> ZHDT 6301-5	1.6	<b>Оқу жылы:</b> 2024 - 2025
1.2	<b>Пән атауы:</b> «Амбулаторлық-емханалық кардиология»	1.7	<b>Курсы:</b> 6
1.3	<b>Реквизитке дейінгі:</b> жалпы дәрігерлік практика негіздері	1.8	<b>Семестрі:</b> 11-12
1.4	<b>Реквизиттен кейінгі:</b> интернатураның 7 курсындағы «ЖТД ішкі аурулар» пәні	1.9	<b>Кредит саны (ECTS):</b> 3
1.5	<b>Циклі:</b> КП	1.10	<b>Компоненті:</b> ТК
<b>2.</b>	<b>Пәннің мазмұны (50 сөзден көп емес)</b>		
<p>ҚР ересек тұрғындарына амбулаториялық жағдайда кардиологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру. Жас ерекшеліктерін ескере отырып, ең көп таралған жүрек ауруларын диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмі, емдеу, алдын алу, диспансерлеу, оңалту. АГ және ЖСЖ бойынша ауруларды басқару бағдарламасы. Ауруханаға жатқызу көрсеткіштері. Ересек жастағы кардиологиялық науқастарға шұғыл және жедел медициналық көмек. Қарым-қатынас дағдылары, өзін-өзі бақылау, пациенттерді қолдау.</p>			
<b>3.</b>	<b>Жиынтық бағалау түрі</b>		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша +	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау +	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4.</b>	<b>Пәннің мақсаты</b>		

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 2 беттен 36

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек жүйесіндегі ЖПД құзыреттілігі аясындағы дәлелді медицина принциптері мен заманауи емдік-диагностикалық, фармацевтикалық технологиялар жетістіктеріне сәйкес кардиологиялық науқастарға профилактикалық, диагностикалық, емдік және сауықтыру шараларын өзбетінше жүргізу үшін қажетті білімге, біліктілік пен практикалық дағдыларға ие жалпы практикалық дәрігер дайындау.

<b>5.</b>	<b>Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)</b>	
ОН1	ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулық сақтаудағы ақпараттық жүйені пайдалануда білімін қолданады, медициналық, оның ішінде электронды құжаттарды толтыруды игерген.	
ОН2	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды диагностикалау және дифференциалды диагностика жүргізу дағдыларын қолданады	
ОН3	Ересектердегі жиі таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және профилактика жүргізу жоспарын құруда білімін көрсетеді	
ОН4	Ересек жастағы кардиологиялық науқастарға екінші категориялы күрделікті жедел санатты медициналық көмек көрсету нәтижесі бойынша шешім қабылдап және жауапкершілік танытады.	
ОН5	Скринингтік бағдарлама нәтижелерін бағалауға, жиі таралған кардиологиялық аурулардың профилактикасын жүргізуге, ауруды басқару бағдарламасын АГ және СЖЖ аурулары бойынша енгізуге қатысады.	
ОН6	Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық және кәсіби жарамдық бойынша сараптама жүргізу үшін науқастың күйін кешенді бағалау кезінде науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен және ұжымдастарымен тиімді қатынас орнату дағдысын қолданады.	
5.1	<b>Пәннің ОН</b>	<b>Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері</b>
	ОН1	ОН1 – пациент-орталықтанған күтім бойынша дағдыларды қолданады, пациенттің биоэтикалық қағидаттары мен құқықтарын сақтай отырып, пациенттермен, оның қоршаған ортасымен және әріптестерімен тұлғааралық және коммуникативтік дағдыларды пайдаланады
	ОН4	
	ОН6	
	ОН2	ОН2 - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдық-құқықтық базасы шеңберінде ұлт денсаулығын нығайту саясатын іске асыру бойынша өз қызметін ұйымдастырады

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 3 беттен 36

	ОНЗ					
	ОН5	ОНЗ– Өмір бойы өзін-өзі бағалау, өздігінен білім алу және оқыту негізінде медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін үздіксіз жеке және кәсіби өсуді жоспарлайды				
<b>6.</b>	<b>Пән туралы толық ақпарат</b>					
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, Аскарова 26а ШЖҚММК- дағы № 13 –ҚЕ, Шымкент қаласы, 4 мкр., Балапан-ата 22/1, «Ай-нұры» медицина орталығы, Шымкент қаласы, Байтурсынова 2 ШЖҚММК- дағы № 8 –ҚЕ, Шымкент қаласы, «Орынбаев» медицина орталығы, Шымкент қаласы, Тауке хан 35 ШЖҚММК- дағы № 1 –ҚЕ <b>Электронный адрес:</b> femmed_skma@mail.ru					
6.2	Сағат саны	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Зерт. сабақ	ОБӨЖ	БӨЖ
		-	30	-	9	51
<b>7.</b>	<b>Оқытушылар туралы мәліметтер</b>					
№	Т.А.Ж	Дәрежесі және лауазымы	Электронды адресі			
1	Қауызбай Жұмалы Әріпбайұлы	Каф.меңгерушісі м.ғ.к., қауым.профессор	<a href="mailto:zhumaly@mail.ru">zhumaly@mail.ru</a> 87757219195			
2	Темиркулова Шолпан Алибековна	Доцент қ.а	<a href="mailto:sholpant_kz@mail.ru">sholpant_kz@mail.ru</a> 87012314897			
3	Аташова Кумисай Кулдыраковна	Ассистент	<a href="mailto:kumis-777@mail.ru">kumis-777@mail.ru</a> 87785537009			
<b>8.</b>	<b>Тақырыптық жоспар</b>					
Апта / күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының	Бағалау әдістері/формалары

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 4 беттен 36

					<b>формасы / әдістері</b>	
1	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: ҚР ересек тұрғындарына амбулаторлық-емханалық кардиологиялық көмекті ұйымдастыру	<p>Тұрғындарға амбулаторлық-емханалық кардиологиялық көмекті ұйымдастырудың заманауи технологиялары. ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулықсақтаудағы ақпараттық жүйе.</p> <p>Профилактикалық – медициналық тексерулер, нысана топтарды скринингтік профилактикалық медициналық тексерулер, сауықтыру және динамикалық бақылаулар, ауруды басқару бағдарламасын енгізу. Жүрек-қантамырлар жүйесі ауруларымен науқастарға стационаралмастыру көмегін көрсету.</p> <p>Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық, кәсіби қабілеттілік сараптамасын жүргізу үшін пациент күйін бағалау. Денсаулық сақтау бойынша заңды қарастырылған медициналық құжаттарды толтыру.</p>	ОН 1 ОН 5	4	Тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериалдық бағалау
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.	Тұрғындар арасындағы нысана топтарға скрининг жүргізу тәртібі және кезеңдері. Скринингтік кардиобағдарламалар Жүрек-қантамырлар жүйесі ауруларының	ОН 1 ОН 5 ОН 6	1/6	ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс	Критериалдық бағалау

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 5 беттен 36

	БӨЖ тапсырмасы: Профилактикалық жұмыстар жүргізу	біріншілік және екіншілік профилактикасының принциптері. АГ және СЖЖ бойынша ауруды басқару бағдарламасын енгізуде ЖТД науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуы.			Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау	
2	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Жіті коронарлық синдром	Жіті коронарлық синдром кезіндегі ЖТД тактикасы. Ағымдық ерекшеліктері мен түрлері, диагностикалық критерийлері, тұрақсыз стенокардия кезіндегі тактика. ЖКС ST сегменті жоғарылауынсыз және ST сегменті жоғарылауымен: клиника, диагностика (клиникалық, инструментальдық және лабораторлық), дифференциальді диагностика. Диагностикалық стратегия. Клиникалық хаттамаларға сәйкес заманауи емдеу әдісі (ауруханаға дейінгі кезеңде). Болжау. Асқынулар. Ауруханадан кейінгі кезеңдегі емі. Емдік және диагностикалық шаралардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау.	ОН 2 ОН 4	4	«СН» әдісі немесе клиникалық талдау	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериялық бағалау

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 6 беттен 36

	<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.</p> <p>БӨЖ тапсырмасы: Кардиогенді шокпен асқынған ЖКС кезіндегі тактика.</p>	<p>Ауруханаға дейінгі деңгейдегі кардиогенді шокпен асқынған ЖКС кезінде көмек көрсету алгоритмі.</p>	<p>ОН 2 ОН 4</p>	1/6	<p>ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс</p> <p>Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау</p>	Критериалдық бағалау
3	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Артериялық гипертензия (эссенциальді)</p>	<p>Артериялық гипертензиямен науқастарды тексеру алгоритмі. АГ медикаментозды және медикаментозды емес емдеу әдістері. Заманауи антигипертензивті препараттардың негізгі топтары, фармакодинамика және фармакокинетика. Пациенттердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып антигипертензивті препараттар таңдау тактикасы: коморбидтік, қауіп топтары, жастары және т.б. АГ анықтау бойынша скринингтік зерттеулер және АГ бойынша ауруды басқару бағдарламасы.</p> <p>Артериялық гипертензиямен науқастарды бақылауда ЖТД науқастармен, олардың отбасы</p>	<p>ОН 3 ОН 5 ОН 6</p>	4	<p>Тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау</p>	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериалдық бағалау

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 7 беттен 36

		мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуы.				
	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.  БӨЖ тапсырмасы: Гипертензивті криздер.	Асқынбаған және асқынған гипертензивті криздер кезіндегі ауруханаға дейінгі деңгейдегі көмек көрсету алгоритмі	ОН 2 ОН 4	1/6	ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс  Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау	Критериалдық бағалау
4	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Созылмады жүрек жеткіліксіздігі	Диагностика. Клиникалық-лабораторлық және инструментальдық зерттеу әдістері. Емі. Жүрек жеткіліксіздігінің медикаментозды емес емдеу әдісі. Жүрек жеткіліксіздігін тудырған негізгі патологиялық процесті және оның сатысын ескере отырып дәрігерлік тактика ерекшеліктері. СЖЖ бар науқастардың диспансеризациясы. СЖЖ бойынша ауруды басқару бағдарламасын енгізуде ЖТД науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуы.	ОН 2 ОН 3 ОН 6	4	Тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериалдық бағалау

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 8 беттен 36

	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.  БӨЖ тапсырмасы: Созылмады жүрек жеткіліксіздігі диагностикасы және емі	Әртүрлі себептен туған СЖЖ бар науқастарды бақылау тактикасы: ЖИА, АГ, жүре пайда болған жүрек ақаулары, әртүрлі кардиомиопатиялар фонындағы. Коморбидті жағдайларда препараттарды таңдау.	ОН 2 ОН 3	2/6	ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс  Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау	Критериалдық бағалау
<b>Аралық бақылау-1: Тесттілеу</b>						
5	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы:  Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары	Клиникалық электрокардиография. Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары ЭКГ диагностикасы. Антиаритмиялық препараттар классификациясы және оларды коморбидті жағдайларда әртүрлі аритмиялар кезінде препараттардың фармакокинетикасы және фармакодинамикасын ескере отырып тиімді таңдау. Ауруханаға дейінгі деңгейдегі өмірге қауіп тудыратын аритмиялар кезіндегі жедел қарқынды көмек. Науқастармен тиімді қарым-қатынас.	ОН 2 ОН 4 ОН 6	4	«СН» әдісі немесе клиникалық талдау	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериалдық бағалау



O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 9 беттен 36

	<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.</p> <p>БӨЖ тапсырмасы:</p> <p>Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары диагностикасы мен емі</p>	<p>Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары кезіндегі дәрігер тактикасы. Ауруханаға дейінгі деңгейдегі өмірге қауіп тудыратын аритмиялар кезіндегі жедел қарқынды көмек. Коморбидті жағдайларда әртүрлі аритмиялар кезінде антиаритмиялық препараттарды тиімді таңдау.</p>	<p>ОН 2 ОН 4</p>	1/6	<p>ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс</p> <p>Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау</p>	Критериалдық бағалау
6	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы:</p> <p>Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары</p>	<p>Клиникалық электрокардиография. Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары ЭКГ диагностикасы. Антиаритмиялық препараттар классификациясы және оларды коморбидті жағдайларда әртүрлі аритмиялар кезінде препараттардың фармакокинетикасы және фармакодинамикасын ескере отырып тиімді таңдау. Емдік шаралар тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау.</p>	<p>ОН 2 ОН 3 ОН 4</p>	5	<p>Тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау</p>	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериалдық бағалау

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 10 беттен 36

	<p>ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.</p> <p>БӨЖ тапсырмасы: Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары диагностикасы мен емі</p>	<p>Жүрек ырғағы және өткізгіштігі бұзылыстары кезіндегі дәрігер тактикасы. Ауруханаға дейінгі деңгейдегі өмірге қауіп тудыратын аритмиялар кезіндегі жедел қарқынды көмек. Коморбидті жағдайларда әртүрлі аритмиялар кезінде антиаритмиялық препараттарды тиімді таңдау.</p>	<p>PO 2 PO 4</p>	2\6	<p>ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс</p> <p>Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау</p>	Критериалдық бағалау
7	<p>Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы: Кардиологиядағы тиімді фармакотерапия</p>	<p>Тиімді фармакотерапия негіздері, дәлелді медицина. Препараттарды таңдауды, мөлшерлеу тәртібін клиникалық-фармакологиялық тұрғыда негіздеу. Кардиологиялық практикада қолданылатын препараттардың нәтижелілігі мен қауіпсіздігін бағалау. Клиникалық-фармакологиялық сараптама. Жалпы тәжірибелік дәрігерлердің кардиологиялық науқастарға препараттарды негізсіз тағайындауы және қателіктері.</p>	<p>ОН 3 ОН 4</p>	5	<p>Тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау</p>	Тесттік сұрақтар бойынша бастапқы білім деңгейін бағалау, критериалдық бағалау

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 11 беттен 36

	ОБӨЖ/БӨЖ БӨЖ орындау бойынша кеңес беру.  БӨЖ тапсырмасы: ЖТД практикасындағы заманауи кардиологиялық фармакотерапия.	Әртүрлі кардиологиялық ауруларда қолданылатын препараттардың өзара әрекеттесуі. Кардиологиялық практикада қолданылатын препараттардың нәтижелілігі мен қауіпсіздігін бағалау. Жалпы тәжірибелік дәрігерлердің кардиологиялық науқастарға препараттарды негізсіз тағайындауы және қателіктері.	ОН 3 ОН 4	1/6	ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс  Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау	Критериалдық бағалау
<b>Аралық бақылау-2: Тестілеу</b>						
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу			(пәнге берілген жалпы сағаттың 10%) - 9 сағат			
<b>9.</b>	<b>Оқыту және бағалау әдістері</b>					
9.1	Дәріс	-				
9.2	Тәжірибелік сабақ	«Стандартталған науқас» әдісі, тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау (науқастың ауру деректерін қолдану, науқастың ЭКГ-ларын талдау)				
9.3	БӨЖ/ОБӨЖ	ЖТД бөлімшесіндегі клиникалық жұмыс. Тақырып бойынша ғылыми мақалаларды талдау (ғылыми деректер базасындағы ізденіс).				
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу				
<b>10.</b>	<b>Бағалау критерийлері:</b>					
<b>10.1</b>	<b>Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері</b>					
<b>ОН 1</b>	Оқыту нәтижелері	ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулықсақтаудағы ақпараттық жүйені пайдалануда білімін қолданады, медициналық, оның ішінде электронды құжаттарды толтыруды игерген.				

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 12 беттен 36

Өте жақсы	ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулықсақтаудағы ақпараттық жүйені (ДСАЖ) пайдаланудағы білімін толық игерген. Практикада, кардиологиялық науқастар сұрақтары бойынша емхананың ақпараттық жүйесімен жұмыс жасауда, медициналық, оның ішінде электронды құжаттарды толтыруда бұл білімін нақты және толық, дұрыс қолданады. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданған.
Жақсы	ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулықсақтаудағы ақпараттық жүйені (ДСАЖ) пайдаланудағы барлық қажетті білімді толық игермеген. Практикада кардиологиялық науқастар сұрақтары бойынша емхананың ақпараттық жүйесімен жұмыс жасауда, медициналық, оның ішінде электронды құжаттарды толтыруда өзі жөндей алатын қателіктер, дәлсіздіктер жібереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданған.
Қанағаттанарлық	ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулықсақтаудағы ақпараттық жүйені (ДСАЖ) пайдаланудағы барлық қажетті білімді толық игермеген. Кардиологиялық науқастар сұрақтары бойынша емхананың ақпараттық жүйесімен жұмыс жасауда қиындықтар сезінеді, медициналық, оның ішінде электронды құжаттарды толтыруда қателіктер, дәлсіздіктер жібереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді толық қарастырмаған.
Қанағаттанарлықсыз	ЖТД құзыреттілігі аясында ересек тұрғындарға кардиологиялық көмек көрсету бойынша денсаулықсақтаудағы ақпараттық жүйені (ДСАЖ) пайдаланудағы қажетті білімді игермеген. Кардиологиялық науқастар сұрақтары бойынша емхананың ақпараттық жүйесімен жұмыс жасай алмайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қарастырмаған.
<b>ОН 2</b>	<b>Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды диагностикалау және дифференциалды диагностика жүргізу дағдыларын қолданады</b>
Өте жақсы	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды диагностикалау және дифференциалды диагностикалау алгоритмін қолдану дағдысын толық игерген. Науқастар шағымдарын және анамнестикалық деректерін толық көлемде жинайды, объективті тексеруді нақты және дәйекті түрде орындайды, диагностикалық зерттеу жоспарын амбулаторлық деңгейдегі толық тізімді сақтай отырып Клиникалық хаттамаларға сәйкес құрастырады. Ғылыми деректер базасынан алынған білімін қолданады.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 13 беттен 36

Жақсы	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды диагностикалау және дифференциальді диагностикалау алгоритмін қолдану дағдысын игерген. Науқастар шағымдарын және анамнестикалық деректерін толық көлемде жинайды, объективті тексеруді дәйекті түрде орындамайды, диагностикалық зерттеу жоспарын Клиникалық хаттамаларға сәйкес құрастырады, амбулаторлық деңгейде жүргізілуі қажет диагностикалық зерттеулерді толық қамтымайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды қолданады.
Қанағаттанарлық	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды диагностикалау және дифференциальді диагностикалау алгоритмін қолдану дағдысын толық игермеген. Науқастар шағымдарын және анамнестикалық деректерін толық көлемде жинамайды, объективті тексеруді дәйекті түрде орындамайды, диагностикалық зерттеу жоспарын құруда Клиникалық хаттамалар ұсыныстарын ескермейді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды толық қарастырмаған.
Қанағаттанарлықсыз	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды диагностикалау және дифференциальді диагностикалау алгоритмін қолдану дағдысын толық игермеген. Науқастар шағымдарын және анамнестикалық деректерін жинауда көп қателіктер жібереді, объективті тексеруді дәйекті түрде орындамайды, диагностикалық зерттеу жоспарын Клиникалық хаттамаларға сәйкес құрастыра алмайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды қарастырмаған.
<b>ОН 3</b>	<b>Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және профилактикасының жоспарын құру бойынша білімін көрсетеді.</b>
Өте жақсы	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және профилактикасының жоспарын құру бойынша білімін қолданады. Емдеу және профилактика жоспарын Клиникалық хаттамада көрсетілген пациенттердің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып қойылған талаптарға толық және нақты сәйкестендіріп құрастырған. Әртүрлі топтардағы препараттарды бірге қолданғанда олардың өзара әрекеттесуін ескереді. Ғылыми деректер базасынан алынған білімдерін қолданады.
Жақсы	Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және профилактикасының жоспарын құру бойынша білімін қолданады. Емдеу және профилактика жоспарын Клиникалық хаттамада көрсетілген

OÑTÜSTİK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 14 беттен 36

	<p>пациенттердің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып қойылған талаптарға сәйкестендіріп құрастырғанда өзі жөндей алатын қателіктер жібереді. Әртүрлі топтардағы препараттарды бірге қолданғанда олардың өзара әрекеттесуін ескереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды қолданады.</p>
Қанағаттанарлық	<p>Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және профилактикасының жоспарын құруда қателіктер жібереді. Емдеу және профилактика жоспарын құрғанда Клиникалық хаттамада көрсетілген пациенттердің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып қойылған талаптарды ескермейді. Әртүрлі топтардағы препараттарды бірге қолданғанда олардың өзара әрекеттесуін толық ескермейді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды толық қарастырмаған.</p>
Қанағаттанарлықсыз	<p>Ересектерде жиі таралған кардиологиялық ауруларды емдеу және профилактикасының жоспарын құруда көп қателіктер жібереді. Емдеу және профилактика жоспарын құрғанда Клиникалық хаттамада көрсетілген пациенттердің барлық жеке ерекшеліктерін, дәрілік препараттардың көрсеткіштері мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып қойылған талаптарды ескермейді. Әртүрлі топтардағы препараттарды бірге қолданғанда олардың өзара әрекеттесуін ескермейді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды қарастырмаған.</p>
<b>ОН 4</b>	<p><b>Скринингтік бағдарламалар нәтижелерін бағалайды, жиі таралған кардиологиялық аурулар профилактикасын жүргізуге және артериялық гипертензия (АГ) мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бойынша ауруды басқару бағдарламасын (АББ) енгізуге қатысады.</b></p>
Өте жақсы	<p>Жиі таралған кардиологиялық аурулармен науқастар арасында диспансеризация, реабилитация жүргізу, осы аурулар бойынша скринингтік зерттеулер жүргізу және артериялық гипертензия (АГ) мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бойынша ауруды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын қолданады. Скринингтік және профилактикалық жұмыстар нәтижелерін бағалау критерийлері бойынша нақты және толық білімін көрсетеді және осы білімін практикада қолдана алады. АББ бойынша АГ және СЖЖ ауруларымен науқастарды бақылау және АББ-ға кірмейтін осы диагноздармен диспансерлік тіркеуде тұратын науқастарды бақылау тиімділігін салыстырмалы бағалау жүргізе алады. Ғылыми деректер базасынан</p>

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 15 беттен 36

	алынған білімдерін қолданады.
Жақсы	Жиі таралған кардиологиялық аурулармен науқастар арасында диспансеризация, реабилитация жүргізу, осы аурулар бойынша скринингтік зерттеулер жүргізу дағдыларын қолданады, бірақ артериялық гипертензия (АГ) мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бойынша ауруды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын толық игермеген. Скринингтік және профилактикалық жұмыстар нәтижелерін бағалау критерийлері бойынша нақты және толық білімін көрсете алмайды және осы білімін практикада қолдануда қиындықтар туындайды. АББ бойынша АГ және СЖЖ ауруларымен науқастарды бақылау және АББ-ға кірмейтін осы диагноздармен диспансерлік тіркеуде тұратын науқастарды бақылау тиімділігін салыстырмалы бағалауда өзі жөндей алатын қателіктер жібереді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданады.
Қанағаттанарлық	Жиі таралған кардиологиялық аурулармен науқастар арасында диспансеризация, реабилитация жүргізу, осы аурулар бойынша скринингтік зерттеулер жүргізу дағдыларын толық игермеген, артериялық гипертензия (АГ) мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бойынша ауруды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын игермеген. Скринингтік және профилактикалық жұмыстар нәтижелерін бағалау критерийлері бойынша дәлсіздіктер орын алады және практикада қолдана алмайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді толық қарастырмаған.
Қанағаттанарлықсыз	Жиі таралған кардиологиялық аурулармен науқастар арасында диспансеризация, реабилитация жүргізу, осы аурулар бойынша скринингтік зерттеулер жүргізу және артериялық гипертензия (АГ) мен созылмалы жүрек жеткіліксіздігі (СЖЖ) бойынша ауруды басқару бағдарламасын енгізу дағдыларын игермеген. Скринингтік және профилактикалық жұмыстар нәтижелерін бағалау критерийлері бойынша көп қателіктер жібереді және практикада қолдана алмайды. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қарастырмаған.
<b>ОН 5</b>	<b>Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге жедел және қарқынды екінші күрделіліктегі санатты медициналық көмек көрсетуде шешім қабылдай алады.</b>
Өте жақсы	Пациенттің күйін бағалау үшін тексеруді нақты, толық көлемде, дәйекті түрде орындайды және көмек көрсету тактикасын дұрыс анықтайды. Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге Клиникалық хаттамаға сәйкес жедел және қарқынды екінші күрделіліктегі санатты медициналық көмек көрсету алгоритмін



O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 16 беттен 36

	қолдануды толық игерген. Көрсетілген медициналық көмек нәтижесін бағалай алады және көмек көрсетілген науқастардың функционалдық күйіне дұрыс мониторинг жүргізе алады. Ғылыми деректер базасынан алынған білімдерін қолданады.
Жақсы	Пациенттің күйін бағалау үшін тексеруді нақты, толық көлемде жүргізеді, бірақ дәйекті түрде орындамайды, көмек көрсету тактикасын дұрыс анықтайды. Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге Клиникалық хаттамаға сәйкес жедел және қарқынды екінші күрделіліктегі санатты медициналық көмек көрсету алгоритмін қолдануды толық игерген. Көрсетілген медициналық көмек нәтижесін бағалауда өзі жөндей алатын қателіктер жібереді. Көмек көрсетілген науқастардың функционалдық күйіне дұрыс мониторинг жүргізе алады. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды қолданады.
Қанағаттанарлық	Пациенттің күйін бағалау үшін тексеруді толық көлемде және дәйекті түрде орындамайды, көмек көрсету тактикасын анықтауда дәлсіздіктер орын алады. Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге Клиникалық хаттамаға сәйкес жедел және қарқынды екінші күрделіліктегі санатты медициналық көмек көрсету алгоритмін қолдануда қателіктер жібереді. Көрсетілген медициналық көмек нәтижесін бағалау дағдысын толық игермеген. Көмек көрсетілген науқастардың функционалдық күйіне дұрыс мониторинг жүргізе алады. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды толық қарастырмаған.
Қанағаттанарлықсыз	Пациенттің күйін бағалау үшін тексеру дағдысын игермеген, көмек көрсету тактикасын анықтай алмайды. Ересек жастағы кардиологиялық пациенттерге Клиникалық хаттамаға сәйкес жедел және қарқынды екінші күрделіліктегі санатты медициналық көмек көрсету алгоритмін қолдануда көп қателіктер жібереді. Көрсетілген медициналық көмек нәтижесін бағалау дағдысын игермеген. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді және Клиникалық хаттамаларды қарастырмаған.
<b>ОН 6</b>	<b>Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық және кәсіби жарамдық бойынша сараптама жүргізу үшін науқастың күйін кешенді бағалау кезінде науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен және ұжымдастарымен тиімді қатынас орнату дағдысын қолданады.</b>
Өте жақсы	Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық және кәсіби жарамдық бойынша сараптама жүргізу үшін науқастың күйін кешенді бағалау кезінде науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен және ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнату дағдысын толық игерген. Науқастың



O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 17 беттен 36

	сұрақтарын шешуде науқастың отбасы мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатады. Реабилитациялық шаралар таңдауда және реабилитациялық потенциалды бағалауда тиімді коммуникация бойынша білімін қолданады. Ғылыми деректер базасынан алған білімін қолданады.
Жақсы	Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық және кәсіби жарамдық бойынша сараптама жүргізу үшін науқастың күйін кешенді бағалау кезінде науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен және ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуда өзі түзететін қателіктер жібереді. Науқастың сұрақтарын шешуде науқастың отбасы мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнату толық көлемде игерілмеген. Реабилитациялық шаралар таңдауда және реабилитациялық потенциалды бағалауда тиімді коммуникация орнатуда қиындықтар сезінеді. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қолданады.
Қанағаттанарлық	Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық және кәсіби жарамдық бойынша сараптама жүргізу үшін науқастың күйін кешенді бағалау кезінде науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен және ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуда қателіктер жібереді. Науқастың сұрақтарын шешуде науқастың отбасы мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуда қиындықтар сезінеді. Реабилитациялық шаралар таңдауда және реабилитациялық потенциалды бағалауда тиімді коммуникация орнату дағдысын игермеген. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді толық қарастырмаған.
Қанағаттанарлықсыз	Кардиологиялық науқастарға уақытша және тұрақты еңбекке жарамсыздық және кәсіби жарамдық бойынша сараптама жүргізу үшін науқастың күйін кешенді бағалау кезінде науқастармен, олардың отбасы мүшелерімен және ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнату дағдысын игермеген. Науқастың сұрақтарын шешуде науқастың отбасы мүшелерімен, ұжымдастарымен тиімді қарым-қатынас орнатуда коммуникациялық ережелерді ұстамайды. Реабилитациялық шаралар таңдауда және реабилитациялық потенциалды бағалауда тиімді коммуникация орнату дағдысын игермеген. Силлабуста ұсынылған әдебиеттерді қарастырмаған.
<b>10.2</b>	<b>Бағалау әдістері және критерийлері</b>
	<b>Практикалық сабаққа арналған тексеру парағы</b>

OÑTÛSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 <b>SKMA</b> -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы		044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы		бет 18 беттен 36

	Бағалау түрлері	Бағалау	Бағалау критерийлері
	Тақырып бойынша науқасты клиникалық талдау	Өте жақсы бағаға сәйкес: А (4,0; 95-100%) А- (3,67; 90-94%)	<p>Бағалау параметрлері (әр параметр келесі критерийлермен бағаланады (бағалау деңгейлері: төменгі - 4,5; жоғарғы - 5,0): тапсырманы толық орындау, нақтылық, реттілік, дұрыс бағалау және логикалық тұжырым жасау дағдысы):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- науқастың негізгі проблемасын анықтады</li> <li>- анамнестикалық деректерді бағалады</li> <li>- физикальді тексеру деректерін бағалады</li> <li>- болжам диагноз қойды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес лабораторлық зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес лабораторлық зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес инструментальді зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес инструментальді зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- лабораторлық зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялады</li> <li>- инструментальді зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялады</li> <li>- диагнозды негіздей алды</li> <li>- қорытынды диагноз қойды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес емдеу жоспарын құрастырды:             <ul style="list-style-type: none"> <li>- препараттардың фармакодинамикасы</li> <li>- препараттардың өзара әрекеттесуі</li> <li>- қарсы көрсеткіштер</li> <li>- жас ерекшеліктері</li> <li>- коморбидті күйлер ескерілді</li> </ul> </li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес профилактикалық шаралар жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер</li> </ul>

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA          AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL          ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 19 беттен 36

		<p>деректеріне сәйкес профилактикалық шаралар жоспарын құрастырды</p> <p><b>Жақсы бағаға сәйкес:</b></p> <p><b>B+ (3,33; 85-89%)</b></p> <p><b>B (3,0; 80-84%)</b></p> <p><b>B- (2,67; 75-79%)</b></p> <p><b>C+ (2,33; 70-74%)</b></p>	<p>Бағалау параметрлері (әр параметр келесі критерийлермен бағаланады (бағалау деңгейлері: төменгі - 3,5; жоғарғы - 4,45): тапсырманы толық орындау, нақтылық, реттілік, дұрыс бағалау және логикалық тұжырым жасау дағдысы):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- науқастың негізгі проблемасын анықтады</li> <li>- анамнестикалық деректерді бағалады</li> <li>- физикальді тексеру деректерін бағалады</li> <li>- болжам диагноз қойды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес лабораторлық зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес лабораторлық зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес инструментальді зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес инструментальді зерттеу жоспарын құрастырды</li> <li>- лабораторлық зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялады</li> <li>- инструментальді зерттеу нәтижелерін дұрыс интерпретациялады</li> <li>- диагнозды негіздей алды</li> <li>- қорытынды диагноз қойды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеу жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес емдеу жоспарын құрастырды:             <ul style="list-style-type: none"> <li>- препараттардың фармакодинамикасы</li> <li>- препараттардың өзара әрекеттесуі</li> <li>- қарсы көрсеткіштер</li> <li>- жас ерекшеліктері</li> <li>- коморбидті күйлер ескерілді</li> </ul> </li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес профилактикалық шаралар жоспарын құрастырды</li> <li>- Диагностикалау және емдеу клиникалық хаттамаларына және осы проблема бойынша ғылыми жетістіктер деректеріне сәйкес профилактикалық шаралар жоспарын құрастырды</li> </ul>
--	--	--	--

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Отбасылық медицина» кафедрасы	044-69/ -
«Амбулаторлық-емханалық кардиология» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы	бет 20 беттен 36

Қанағаттанарлық бағаға сәйкес:  
 С (2,0; 65-69%);  
 С- (1,67; 60-64%);  
 D+ (1,33; 55-59%)  
 D (1,0; 50-54%)

